

Пациентті оқытудың мақсаты, пациентті оқыту жоспары

Медбикелік процестің ІІІ кезеңі – жоспарлау

Жоспарлау барысында әр артықшылықты проблема күтімнің мақсаты мен жоспары тұжырымдалады.

Мақсатты екі себеппен белгілеу қажет:

1. Жеке бикелік қатысудың бағытын көрсету мен;
2. Қатысу нәтижесі дәрежесін анықтаумен

Мақсат қоюдың талаптары:

1. Мақсаттар орындалатын, қол жетерліктей болу керек. Емделуші 3 күнде 10 кг салмағын түсіреді деген мақсат қоюға болмайды, бұл мүмкін емес;
2. Әр мақсаттың орындалу мерзімін нақты белгілеу қажет.

Мерзім бойынша мақсаттың екі түрі бар:

а) қысқа мерзімді (бір аптадан кем)

б) ұзақ мерзімді (апталар, айлар, көбіне шығарылғаннан кейін).

3. Мақсаттар бикенің хабардарлығынан аспауы керек.

Емделушіде шығару мерзіміне қарай жөтел болмайды деген мақсатты болдырмау керек, өйткені бұл дәрігердің хабардарлығында.

Сауатты құрылған мақсат үш компоненттен тұруы керек:

1. Іс – қимыл;
2. Белгілері: күні, уақыты, арақашықтығы;
3. шарты – кімнің көмегімен

Пациентті оқыту мақсатының құрылымы 3 сфераға бағытталуы керек:

- танымдық;
- Эмоционалдық;
- Психологиялық.

Мақсат құрылымы мынадай ситуацияда көрінуі мүмкін:

- Танымдық сферада- науқас су балансы туралы біледі және түсінеді (2 күн ішінде)
- Психологиялық сферада- науқас су балансын анықтауға психологиялық дайын болады
- Эмоционалдық – науқас су балансын бақылаудың маңыздылығын түсінеді.

Мақсат нақты және нәтижелі болуы керек.

Мақсат қойғаннан кейін медбике оқыту мазмұнын мен тәсілін жоспарлайды.

Мақсат қойғаннан кейін медбике оқыту мазмұнын мен тәсілін жоспарлайды.

Оқыту мазмұны әртүрлі болуы мүмкін:

- Денсаулық сақтау;
- Денсаулық деңгейін қалыпта ұстау;
- Өмір сапасының деңгейін қалыпта ұстау.

Медбике оқыту жоспарын құруға пациентті және туыстарын қатыстыруы қажет.

Осы жағдайда медбике пациенттің жеке ерекшелігіне, әлеуметтік және физикалық деңгейіне мән беруі қажет.

Пациентті оқытуда тиімді нәтижеге жету үшін келесі әдістерді қолдануға болады:

- демонстрация - медбике пациентке Өзіне- өзі күтудегі іс – машықтарды көрсетеді (тіс тазалау, артериалдық қан қысымын тексеру, т.б) және қайталау оқыту мақсатының нәтижелілігіне жеткізеді.
- консультирование - медбике пациент іс –әрекетін бақылайды және қиын этаптарында пациентке кеңес береді.
- ролдік ойын - пациентті оқытудың тиімді жолы. Мұнда медбике пациентке қиынға соғатын іс – әрекеттерді көре алады.

Оқыту кестесі 5 этаптан құралады:

1. Керекті ақпаратты беру;
2. Пациент есте сақтағанша қайталау;
3. Пациент игеру керек іс –шараны көрсету;
4. Пациенттің қайталауы;
5. Пациенттің іс – шараны қайталап көрсетуі.

Оқыту барысында пациент қызығушылығын ояту қажет және әңгімелесуде сұрақ – жауап болғаны дұрыс.

Әрбір этап пациент толық игергенше қайталануы мүмкін. Медбике пациентке берген ақпаратты дұрыс түсінгеніне көз жеткізу керек.

Пациентті оқыту өрісі

Пациент денсаулығының төмендегенінің салдарынан кейбір іс-әрекеттерді орындай алмайды, сол қабілеттіліктерін дамыту үшін мейірбике кәсіби тұрғыда әсер ете алатындай адамды (пациентті) оқыту өрісінде білімдар болуы керек.

1. **Танымдық** – пациенттердің қоршаған ортадан алған білімін, әсерін талдап және жинақтауына дағдылануына бағыталған өріс.

2. **Эмоционалдық** – жеке тұлғаның мынадай: әсерлі, аяушылық, қайырымдылық, қатыгездік және т.б. эмоционалдық қасиеттерінен тәуелді болатын көңіл күйін сипаттайтын өріс.

Пациентті бақылау кезінде мейірбике оның анық сыртқы өзгерістерін байқайды:

§ кекті – қатынас жасау қажеттілігінің, эмоционалдық өрісінің бұзылулары, психикалық аурулар, мінездегі және тәрбиесіндегі ақаулар;

§ қорыққан– қорқыныш сезіміне, психикалық жағдайларына (фобия, невроз және т.б.), темпераментіне (меланхол), күмәншілікке, тұрақсыздыққа нұсқайды;

§ енжарлық- темпераменттігі бойынша "флегматик" болып саналады, өрісінің патологиялық өзгерістер (селсоқтық), жігерінің патологиясының (абулия немесе гипобулия) өзгеруі мүмкін, сонымен қатар мінез-құлқының жекелік ерекшеліктері болуы мүмкін.

§ сасқалақтық - жеке басының ерекшелігіне, қорқыныш сезіміне (алдағы тексерістің мәнін, ем алу жоспарын, ауруының болжамын білмеу және т. б.) нұсқайды; Өз-өзіне орын таппауы, психомоторлы қозуымен дәлелденеді, алдағы жасалынатын тексерістерден, операциядан, манипуляциялардан және т.б. қорқу, ауруының батып ауруы, эмоционалдық шок;

§ аффектегі жағдай - эмоционалдық өрісінің қысқа мерзімге қозуы;

§ салмақты – тұрақты эмоционалдық жағдайының, мінез-құлқының ережесі болып табылады;

§ ұрейленген белгісі - қолын уқалау, дауысындағы эмоционалдық жағдайының және мінезінің ерекшелігінің тұрақсыздықтың байқалуы, алдағы манипуляциялар мен тексерулерден қорқуына нұсқайды.

3. Психомоторлық өрісі мінезінің, сезімінің, қозғалысының өзгерісінің дамуының өзгеруін сипаттайды, жеке тұлғаның жалпы психомоторлық дамуынан, жүйке-психикалық ауруларынан тәуелді болады.

4. Әлеуметтік - психологиялық өрісі - пациенттің азаматтық жағын, оның жекелік және қызыметтік ерекшеліктерін, яғни қабілеттілігін, ой-өрісін, өз-өзіне баға беруін, бағытын, еңбекке қабілеттілігін, оқып-үйренуіне деген қатынасын бейнелейді. Пациентті оқыту пациенттің немесе оның жанұя мүшелерінің келесі педагогикалық жағдайларда орындайтын қызыметіне байланысты қалыптасады: -сырттан қабылдаған ақпараттарды енжар қабылауынан және ұғынуынан. Бұл жағдайда оқыту негізіне дайын ақпараттарды келесі хабарлау, түсіндіру, көрсету және пациенттің кейбір іс-әрекеттеріне талап ету әдістері жатады. Ақпаратты қолдану және белсенді түрдегі өзіндік іздену, бұл жағдайда пациент әсердің салдарынан қалыптасып жатқан өз мақсаттары мен назарын субъект ретінде қарастырады. Бағытты іздену және ақпараттарды қолдану арқылы сырттай ұйымдастырылған іс-әрекеттер. Ұшінші жағдайдағы оқытудың негізінде мейірбикелік проблемаларды қою, қойылған мақсаттарды пациентпен және оның жанұя мүшелерімен бірлесіп талқылау, бірлесіп жоспарлау, нәтижелерді бағалау, қателіктерді талқылау әдістері бойынша жүзеге асырылатын процесстерді басқарып отыру жатады. Пациенттің денсаулығын қалпын келтірудегі дағдысы мен ептілігін қалыптастыру мейірбикенің практикалық іс-әрекеттеріне бағытталуы тиіс.

4.2. Білім алудағы пациенттің және оның жанұясының қажеттілігіне баға беру.

Пациенттердің қандайда бір қажеттілігін ашудағы қанағаттануының бұзылуы кезінде пациентте аурушандық жағдай дами түседі.

Пациенттің және оның жанұясының өміріндегі белгілі бір сәтіндегі қажеттіліктерін ашуды, оның денсаулығын жақсарту мақсатында белсенді әсер етуге болады және де бұл процессте мейірбикеге көп көңіл бөлінеді. Ол үшін мейірбике:

- пациенттің өмір қалпы бағалайды;
- пациенттің өзіне күтім жасау оқуындағы қажеттіліктерін анықтайды;
- пациенттің әлеуметтік және мәдени ортасын бағалайды;
- оқушының психологиялық ерекшеліктерін, дамуын бағалайды.

4.3. Пациенттің білім және ептілігінің бастапқы деңгейіне баға беру

Іскерлік оқыту процессінің нәтижесі болып танылады. Іскерлік деп өзгеріп отыратын жағдайлардағы қалыптасқан білім негізінде қандайда бір іс-әрекеттерді болдыру қабілеттілігін айтады. Әрбір оқушы жеке тұлғалық және іскерлік ерекшеліктеріне, оқуға деген қарым-қатынасына ие болады.

Дәлелдеу - оқыту процессінің бірінші бөлігі.

Дәлелдеу "дайын болу заңы" – ақыл-ой іс-әрекеттерінің қалыптасуының бірінші міндетті түрдегі кезеңі. Дәлел - ол адамды қандайда бір іс-әрекет жасауға талаптанып, ынталануын анықтайды. Пациентті оқытуда ішкі және сыртқы дәлелдері болуы мүмкін. Сыртқы дәлелдерге денсаулығының қалпына келуі, материалдық пайдасы, сөгіс алуы, марапатталуы және т.б. жатады. Ішкі дәлелдерге өзінің оқулық деңгейін өсіруге талаптаныуы, бұрындағы алған білім мен ептілік деңгейлерін көтерулері жатады.

Дәлелдің 4 құрылымдық компоненттері бар:

1. Қызметтің өзінен қанағаттануы.
2. Жеке тұлғаның өз нәтижесіне деген мәнділігі.
3. Жасаған іс-әрекеттері үшін марапаттаудың "дәлелдеу" күші.
4. Жеке тұлғаға күштеу арқылы қысым көрсету.

Пациенттің оның жанұя мүшелерінің қабілеттілігін бағалау.

Адамның қабілеті өзінің жекелік психикалық ерекшелігіне тікелей байланысты. Адамның қабілеті жас кезінен денсаулығына, мінезіне байланысты әр алуан болып, танымдық белсенділігінің деңгейін анықтайды. Мейірбике пациенттердің және оның жанұя мүшелерінің жекелік психикалық жағдайына, қызмет ету сипатына, оқулық және тәрбиелік жағына, жеке қасиеттерін, қарым – қатынасын, ептілік дәрежесінің даму қабілеттіліктерін бағалап отырады. Мейірбике оқушылармен туындайтын қиыншылықтарды ескеріп, өзінің жұмысын әрі қарай жоспармен ұйымдастырады.

Оқу мазмұнын анықтау.

Оқу мазмұны жекелік оқу жоспарына бейнеленеді. Пациенттердің оқу мазмұнының негізгі бағыты - денсаулықты сақтау, өмір деңгейін көтеру болып табылады. Мейірбике оқу мазмұнын анықтамас бұрын, жаңа оқу технологияларымен танысуы, оның оқу процессіндегі қолданылатын жаңа терминдер мен түсініктерді анықтап алуы қажет. Оқытудағы алынған білімнің тереңділігі, жүйелілігі, бірізділігі жас қабілетімен, денсаулық жағдайымен, жеке тұлғаның танымдық белсенділігімен анықталады. Мейірбике педагогикасының мазмұны кейбір күтім көрсету нысандарымен жұмыс жасағандағы, жәрдем көрсетудегі дағдыны, іскерлікті және т.б. қалыптастырады. Пациенттер әр түрлі практикалық жұмыстарға белсенді қатыса отырып, өз қажеттіліктерін,

Оқуды жоспарлау, оның қасиеттерін бағалау, оқудың тиімділігі.

Мейірбике жоспарды құру, оқыту процессінің орындалуын қадағалап, бағалап, және оның сапасын, тиімділігін тексеріп, дәлелдерін қалыптастырудан тұратын оқыту процессін ұйымдастырып отырады. Оқу жоспары пациенттің жекелік қасиеттерін, оқытуға бөлінетін уақытты ескере отырылып, пациентпен бірлесіп талқыланады. Оқу процессі егер де мейірбике және пациент немесе оқушы белгілі бір мәселелерді ұғынуы бойынша қойылған мақсатта жетсе, онда оқыту тиімді деп саналады. Бұл жағдайда мейірбике коммуникативтік дағдылар, педагогикалық тактиканы және де педагогика, психология негіздерін білуі керек.